

"Қызылжар ауданының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 136 қаулысының күшін жою туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 308 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағы 2-тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 74 бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылжар ауданының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезіндегі жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №136 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 20 наурызда № 3177 тіркелді, 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 15 (578) "Қызылжар", 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 14 (5517) "Маяк" газеттерінде жарияланды).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің аппарат басшысы Ж.Х. Ақылбековаға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жұмабеков